



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)
ББК 74.58
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

Хуснутдинова Ляйля Гельсовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

Сухов Михаил Васильевич, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

Радченко Татьяна Александровна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Алимбаев Алибек Алпысбаевич, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Телегина Оксана Станиславовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Шумейко Татьяна Степановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

1. Бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік-эстетикалық тәрбие берудегі мәселесінің жеткіліксіз зерттелуі, бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға жауап бере алмауы, оның себеп-салдарының анықталмауы тәрбие мазмұнын тәрбие құралдары арқылы жүзеге асырудың мәнін, мазмұны мен тәрбиелеу мазмұнын анықтауды міндеттеп отыр.

2. Зерттеушілер мен педагогтарының адамгершілік-эстетикалық туралы айтқан ойлары мен идеяларын жүйелеу, бұл мәселені шешуде, зерттеудің әдіснамалық-теориялық негіздемесін жасауда, дәлелдеуде тірек болады.

3. Тәрбие теориясының, атап айтқанда адамгершілік-эстетикалық тәрбиені біртұтас етіп қарастыру бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеуде нақты әдістемелер жасауды қамтамасыз етеді.

4. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік-эстетикалық тәрбиелілігін қалыптастыруда арнайы ұйымдастырылған: ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік секілді педагогикалық шарттар жағдайында барынша тиімді болатынын көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. Гуманитар. изд. центр Владос, 29 янв. 2022 г. - Всего страниц: 946. <https://books.google.kz/books/>
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы 2012. - 288 б.
3. Қалиев С., Иманбекова Б., Жұмабаева Ж. Тәрбие хрестоматиясы 1-4 сынып. Алматы: «Алматы кітап», 2010.

УДК 371.486

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдрасилова Гулсим Лесбековна, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: abdrasilova72@mail.ru

Ахилбекова Айнура Сапаралиевна, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің. «№42 орта мектебі» КММ, бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты. Бастауыш сынып оқушыларының ертегі арқылы қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып-білу арқылы оқушылардың эстетикалық талғамын, құндылық көзқарасын қалыптастырумен бірге, эмоциялық сезімін және адами асыл қасиеттерін жетілдіру. Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне қызығушылығын қалыптастыруды теориялық жақтан негіздеу және әдістемесін жасау.

Түйінді сөздер: қазақ халық ертегілері, бастауыш сынып оқушылары, қызығушылықты қалыптастыру, адамгершілік тәрбие.

Аннотация

Актуальность и цель. Формирование у младших школьников интереса с помощью сказок. Совершенствование эмоционального чувства и человеческих благородных качеств, сопровождающееся формированием эстетического вкуса, ценностного отношения учащихся через чтение сказки. Цель: теоретическое обоснование и разработка методики формирования интереса младших школьников к казахским народным сказкам.

Ключевые слова: казахские народные сказки, учащиеся начальных классов, формирование интереса, нравственное воспитание.

Abstract

Relevance. The relationship of primary school education with practice, systematic conscious and solid assimilation of acquired knowledge. In increasing the activity of children, increasing importance is attached to the spiritual, moral and aesthetic education of students at the present stage. Goal: in the course of subject classes and extracurricular activities of students, the education of morality, a sense of aesthetic beauty.

Keywords: Kazakh folk tales, primary school students, interest formation, moral education.

Ертегіге бай елдердің бірі – қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. Ең алдымен ертегі дегеніміз не? Соған тоқтала кетейік. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында: «Ертегі – ауыз әдебиетіндегі проза жанрларының ішіндегі ең көркемделген, сюжет пен композициялық жағынан дамыған түрі. Оның қызметі кең әрі тәрбиелік, әрі көркем – эстетикалық роль атқарады. Сондықтан ертегі оқиғаны барынша ғажайыпты етіп, көркемдеп, әсірелеп баяндайды. Шындықты шынайы суреттеуді емес, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады. Әдетте, ертегіні

ойдан шығарылған, таңғажайып оқиғалы әңгіме дейді. Расында олай емес. Ертегі өздігінен немесе ойдан тумаған. Оның негізін қалаған көне жанрлар: миф, әпсана т.б. алғашқы қауымдық қоғамның түсініктері мен салтын, әдет-ғұрпын, яғни сол заман шындығын өзінше бейнелеген» деп көрсетілген [1].

Халқымыз көшпелі тұрмысты басынан кешсе де, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырмаған. Күнделікті өмірде тәрбие құралдары: ертегілер арқылы жас ұрпақты әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа, батырлыққа әдемілікке, сезімталдылыққа, елін сүйгіштікке т.б. қасиеттерге баулыған.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Ш.Уалиханов болатын. Естеліктерден Ш.Уалихановтың ертегі өнеріне оны баяндаушыға деген сүйіспеншілігін, екіншіден, ана тіліміздің қоспасыз, таза күйінде сақталуын қадағалағандығын көруімізге болады. Ш.Уалиханов «Қазақтар жаратылысынан өзінен-ақ қабілетті, дарынды және сезімтал келеді... Қазақтардың батырлық ертегілері мен аңыздары өте көп» деп көрсетеді [2].

XIX ғасырдан бастап, қазақ ертегілерінің ғажап та көркем үлгілерін В.Радлов, Г.Потанин, И.Березин, А.Алекторов, П.Мелиранский, Ө.Диваев сияқты белді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ фольклорының кейбір нұсқалары «Дала уалаяты», «Айқап», «Туркестанские ведомости», «Тургайская газета», т.б. мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келді. «Образцы народной литературы тюркских племен» атты 10 томдық жинақтарында В.В.Радлов қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, әзербайжан сияқты көптеген түркі тайпаларының эпостық жырлары мен ертегілері молынан жариялаған. Сонымен қатар қазақ эпосы мен ертегілерін жинап, бастыру ісіне башқұрт ғалымы, профессор Әбубәкір Диваевтың еңбегі де елеулі [3].

Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман-мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады. Бірақ, ертегілердің тәрбиелік жақтарын, адамның не бір сапалық жақтарын қалыптастырудағы оның ерекше ықпалы туралы пікір кездесе бермейді.

Бастауыш сыныпта ертегілер арқылы оқушылардың қызығушылықтарын қалыптастыру әдістемесі дидактика ғылымындағы қызығушылық пен бастауыш сыныпта ана тілін оқыту әдістемесі ғылымына негізделген. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауы мен белсенділігін арттыру, қазіргі кездегі барлық мұғалімдер қауымын ойландырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл мәселе оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру арқылы іске аспақ. Ертегілерді тиімді оқыту мүмкіндігін сипаттау, оқушылардың қызығу ұғымын қарастыру арқылы шешілмек.

Қызығушылық оқу-тәрбие процесінің барлық саласында көрініс табады. Қызығушылық проблемасы бірқатар психологиялық, педагогикалық еңбектерде қарастырылған. Қызығушылық мәселесі қазақ ойшылдары Әл-Фараби, Ибн-Сина т.б. ойшыл, ағартушылар назарынан тыс қалмаған. Әл-Фараби шәкірттің «рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу үйрену нәтижесінде шәкірттің ниеті әсер етеді, көңіл қалауы болмақ» деп көрсетеді.

Ы.Алтынсарин балаларды мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ, балаларға ана тілінде, қарапайым тілмен қызықты ұғындырылса, әңгімелер мен ертегілер, мысалдар мен өлеңдер орынды пайдаланылса, олардың білім алуға деген қызығушылығы артады деген пікір айтады.

Қызығушылықтың оқыту үрдісінде жоғарғы маңызы бар екендігіне А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев та тоқталып кеткен. А.Байтұрсынов «Балаларды қинамай, оңай оқыту керек. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы» деп жазады [4].

Ж.Аймауытов «оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз. Бойдағы ынтаны қоздырып, кейбір нәрсеге ынтаны қолдан жасап еріксіз шығарамыз»- деп оқушылардың ынтасын оятып, қызығушылықты тудыру қажеттілігіне баса назар аударады [5].

Ертегілер әлемі- өмір әлемінің шарайнасы. Ертегі ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай мұралар фантазиясы көп, халық ертегісі ғасырлар бойы балаларды өзіне қызықтыра тартып, ой-қиялын жетілдіреді. Ертегілерді тиімді оқыту балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан соқпағын танытады, сана- сезім, ақыл-ойының ерте дамып, эстетикалық талғамдарының қалыптасуына әсер етеді. Енді ертегілерді бастауыш сыныпта тиімді оқыту арқылы оқушы қызығушылығын қалыптастырудың нақты жолдарына тоқтала кетейік.

Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме әдетте бір-екі айқын белгілерімен- ақ түсінікті болып келеді. Қара сөзбен жазылған ертегілер мәтінге жақын үлгімен мазмұндалады. Кейде ертегіні оқымай-ақ мұғалім оның мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер әртістердің орындауындағы фонохрестоматияны пайдаланса, тіпті жақсы.

Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою қандай суреттер салуға болатынын анықтау т.б. Осындай жұмыстарды 2-3 сынып оқушылары орындай алады. Ал 4-сыныпта ертегіге өз беттерімен жоспар жасау тапсырылады.

Жануарлар туралы ертегілерді оқығанда дайындықтың онша керегі жоқ.

Ертегілерді балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын бір оқығанда –ақ игереді. Сондықтан бірқатар ертегілерді оқығанда жалпы идеясын ғана әңгімелеп, мазмұнын үйде оқуға тапсыруға болады.

Ертегілер оқушылардың ой-қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін бірден-бір құрал болып табылады. Ертегілердің түрлері өте көп деп жоғарыда айтып өттік. Сол ертегілердің қай түрі болмасын баланың ой-өрісін, тілін, дүниетанымын дамытады. Сондай-ақ адамгершілікке, өз Отанын қорғай, сүйе білуге тәрбиелейді.

Бастауыш сынып оқулығында берілген ертегілерді балаларға алдымен өзіміз оқып беріп, одан кейін балалардан түсінігін сұрап, дұрыс емес жерін сұрақ қойып толықтыру арқылы да балалардың тіл байлығын, сөздік қорын арттыруға болады.

Бастауыш сынып мұғалімі сынып және сыныптан тыс уақытта балаларға ертегіні оқып немесе әңгімелеп бере алады. Оны ертегі кітаптардан оқып беруге, жатқа әңгімелеуге де болады.

Бұл мезеттегі мұғалім міндетінің бірі – балаларды тыңдай білуге үйрету. Тек басқаның сөзін тыңдап үйренгенде ғана балалар оны есінде жақсы қалдырады.

Мұғалімнің ертегіні оқуы немесе әңгімелеп беруі кезінде балалар оның даусын естумен бірге жүзін, бет-қимылын көріп отырғаны жөн. Мұғалім кітаптан оқып тұрған кезде тек кітап мәтініне ғана емес, сонымен бірге әлсін-әлсін балалардың бетіне қарап, олармен көз ұшырастырып отыруға, сөйтіп оқып тұрған ертегінің оларға қандай әсер тигізіп тұрғанын бақылап отыруы тиіс. Әрине, бұл мұғалімнен табанды түрде жаттығуды қажет етеді.

Балаларға ертегілерді оқып беру немесе әңгімелеп беруді ұйымдастыруда есте қалатын нәрсе, ол – оқып беруші мен тыңдаушылардың көтеріңкі әсерде болуы. Көтеріңкі күйдің орнығуы тікелей мұғалімге байланысты. Сондықтан мұғалімнің кіріспе әңгімесінің рөлі ерекше, сол себепті балалардың алдында ертегі кітапты жақсылап көрсетуі оның авторын құрметпен атауы, не туралы оқитынын немесе әңгімелеп беретінін айтуы тиіс.

Мүмкіндігінше мұғалім ертегіні үзбей оқуы керек. Тек балаларға түсінуге қиын тиетін сөздер болса ғана онда оны алдымен түсіндіргені жөн.

Әрине, балалар ертегі мәтінін түгел түсіне алмауы да мүмкін, әсіресе 1-2 сыныптарда. Дегенмен онда білдірілген сезімдерді: қуаны, шаттану, қайғылау, өкініш, ашу-ыза, мазақтау, т.б. сезе білулері керек.

Балаларға ертегіні тыңдай білуге үйрету немесе оның мазмұнын ұғып алуға үйретуде мұғалім қосымша тәсілдерді пайдалана алады. Мәселен кіріспе әңгіме, мәтінді толық қайталап оқу, оны жеке рөлге бөліп оқыту, көрнекі құралдар пайдалану, оқып шыққан соң барлаушы сұрақтар қою, энциклопедиялық әдіс, проблемалық әдіс, салыстыру т.б. Оқу-тәрбие ісінде хайуанаттар жайындағы кейбір ертегілерді оқытуда энциклопедиялық әдістің өте тиімді екеніне көз жеткізуге болады.

Мұғалімнің мәнерлеп оқуы – бұл бір жағынан, оқылған ертегінің бар әсерін балаларға түгел жеткізу болса, екінші жағынан, балалардың сезімдерін жетілдіру мен дамыту болып табылады.

Балаларға ертегіні қалай оқып беру немесе әңгімелеп айтып беру керек. Бұл жерде дауысты көтеріп оқу керек пе, әлде ақырын жай оқу керек пе? Деген орынды сұрақ туады. Дегенмен, бұл жөнінде үзілді-кесілді бір мағыналы жауап болуы мүмкін емес, дауысты қатты немесе ақырын шығарып оқу оқылатын ертегінің мазмұнына байланысты.

Жалпы балаларға бәсеңдетіп орташа дауыспен оқыған дұрыс. Ал 1-2 сыныптарда ертегіні мазмұнына сәйкес не қаттырақ, не бәсеңдетіп оқыған тиісті.

Ертегінің мазмұнына және балалардың жасына байланысты мұғалімнің әңгімелеу тілі де өзгеріп отыруы тиіс.

Мұғалімнің ертегіні әңгімелеуде дайындығына мыналар жатады:

- Мұғалімнің ертегі мәтінін жақсы білуі;
- Қысқартуға болады-ау деген жерлерін белгілеу;
- Мәтінге лайық керек жерінде үзіліс жасау;
- Жағымды дауысының болуы;
- Эмоциялық бояуын анықтау;
- Балалар алдында сөйлегенде әртістік элементтерді, мәселен, мимикасын, жүрісін, қимыл-қозғалыстарын, т.б. ойластыру.

Ертегіні жоғары эмоциялық бояумен оқып беру және әңгімелеп айту балалардың көңілін көтеріп, ертегіге қызығуын арттырады.

Мақалада бастауыш сыныпта қазақ халық ертегілерін оқыту тарихына бұрын-соңды жарық көрген психологиялық, педагогикалық және фольклорлық зерттеу еңбектеріне талдау жасалынды.

Ғылыми-зерттеу еңбектерін негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанр түрлерін әсіресе біз қарастырып отырған ертегілерді оқыту үрдісінде қолданудың білімдік те, тәрбиелік те, дамытушылық та мәнінің ерекше екеніне көз жеткіздік.

Ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау жасау барысында бастауыш сыныпта қазақ халық ертегілерін тиімді оқыту өте маңызды функциялар атқаратындығына көз жеткіздік.

Психологиялық зерттеу еңбектеріне талдау жасау барысында «қызығушылық» ұғымына талдау жасау барысында зерттеу тақырыбымызға байланысты «қызығушылық» ұғымына өз анықтамамызды бердік.

Бастауыш сыныптарда қазақ ертегілерін оқыту арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыру процесінде басшылыққа алынатын принциптер жүйеленіп берілді.

Бастауыш сыныптың оқу пәндеріндегі ертегілерге жасаған талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларына білім беру, оны жан-жақты дамыту, оларды өзі өмір сүріп отырған қоғамның толық қанды мүшесі етіп қалыптастыру үшін ертегілерге қызығушылығын қалыптастыру тек сабақ процесінде ертегілерді оқытумен шектелуге болмайтындығына көз жеткіздік. Бастауыш сынып оқушыларының сабақтан алған білімін толықтырып, молықтыру үшін мұғалім сыныптан тыс жұмыс жүргізуді жүйелі жолға қойып, сабақтан алған біліміне сабақтастыра сыныптан тыс жүргізілетін әр түрлі жұмыстарды жүзеге асыруды қолға алып, үзіліссіз білім беруді іске асыруы керектігіне көзіміз жетті.

Ғылыми еңбектер мен нақты тәжірибелер негізінде бастауыш сыныпта ертегілерді таңдап алудың нақты шарттары көрсетілді.

Көрсетілген әдістемелік шарттарды негізге ала отырып, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлері бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетіне сай, шығарма жанрларының табиғатын терең түсінуге мүмкіндік жасайтын тұрғыда ұйымдастырылуы керектігін ескере отырып, біз әдебиеттану, фольклортану саласындағы бірқатар жіктелмелерді (М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, М.Әуезов) негізге ала отырып, қазақ халық ертегілерін сыныптан тыс оқытуды қолға алу, бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегілеріне қызығушылығын қалыптастыру мақсатында «Ертегілер елінде» атты үйірме жұмысының мазмұнын түздік.

Сонымен қатар екінші бөлімде бастауыш сыныптарда қазақ халық ертегілері арқылы оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруда жүргізілетін тиімді жұмыс түрлері мен әдіс-тәсілдері негізделіп, әдістемесі берілді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижесі қарастырылып, зерттеу жұмысының тиімділігі дәлелденді.

Қосымшада бастауыш сынып оқушыларына ертегілерді оқыту арқылы танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру процесі нақты сабақ жоспарлары арқылы көрсетілді.

Жүргізілген зерттеу жұмысы арқылы бірқатар ұсыныстар береміз:

1. Ұсынылып отырған әдістемені бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесінде пайдалану қажет;
2. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық ертегісіне танымдық қызығушылығын қалыптастыруда үйірме жұмысының маңызы зор;
3. Бастауыш сыныпта қазақ халық ертегілерін оқыту арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыруда дербес жүйелі жұмыс атқарылуы керек.

Қазақ ертегілерінің қай-қайсы болса да балаға өмір танытарлық қызмет атқарып, айнала қоршаған ортаның қыр-сырын, сын-сипатын танытып, таным әрекеттерін дамыта отырып жан-жақты тәрбие береді. Ертегілер балаға мейлінше жақын, барынша түсінікті дүние болғандықтан, ол арқылы балалар айнала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік, әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып туралы түсінік алады. Мұның өзі баланың жеке тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын қуаттайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ әдебиеті» энциклопедия. – Алматы: Білік. 2009. 226-227б.
2. Шохан. Уалиханов өзінің «Жоңғар очерктері» еңбегі арқылы әлемге танылуы, <https://qazbrand.info/all/12196/shohan-uahihanov-z-n-zho-ar-ocherker-e-beg-ar-uly-lemge-tanyluu/>
3. Диваев Ә. Казахское народное творчество. – Астана: Алтын кітап, 2007.
4. Байтұрсынов А. Мысалдар. https://adebiportal.kz/kz/books/view/mysaldar__875
5. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Повестар, әлеңдер. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. - Т. 1. - 384 б.